

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ



**«БУЛЛИНГТІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ:
ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ**

22 мамыр, 2024 жыл

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ БУЛЛИНГА:
ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА»**

22 мая, 2024 года

АСТАНА

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КөАҚ

**ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ
ПЕДАГОГИКА КАФЕДРАСЫ**



**«БУЛЛИНГТІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ**

22 мамыр, 2024 жыл

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ БУЛЛИНГА: ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА»**

22 мая, 2024 года

**Астана
22 мамыр, 2024 ж.**

УДК 159.922.7

ББК 88.8

Б 83

Бас редактор/главный редактор:

Асылбекова М.П. – педагогика кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор (заведующая кафедрой педагогики, к.п.н., профессор)

Б 83 «Буллингтің өзекті мәселелері: теория және практика» халықаралық ғыл.-прак. конф. материалдар жинағы (22 мамыр, 2024 жыл) = Сборник материалов межд. науч.-прак. конф. «Актуальные вопросы буллинга: теория и практика» (22 мая, 2024 года). / Бас ред./гл. ред.: Асылбекова М.П./ – Астана: «Бұлатов А.Ж.» ЖК, 2024. – 468 б. (с.)

ISBN 978-601-326-780-7

Жинаққа Қазақстан және шетел ғалымдарының, ЖОО оқытушыларының мектеп мұғалімдерінің, студенттер, магистранттар, докторанттардың мақалалары енгізілген.

В сборник включены статьи казахстанских и зарубежных ученых, преподавателей вузов, школьных учителей, студентов, магистрантов, докторантов.

BR18574152 «Балаларға қатысты буллингтің алдын алу шараларын әзірлеу және оның өзекті аспектілерін зерттеу» тақырыбындағы 2023-2024 жылдарға арналған бағдарламалық мақсатты қаржыландыру жобасы аясындағы «Буллингтің өзекті мәселелері: теория және практика» халықаралық ғылыми-практикалық конференция.

УДК 159.922.7

ББК 88.8

ISBN 978-601-326-780-7

© «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ, 2024

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Сомжүрек Б.Ж. –	ғылыми семинар төрағасы, әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы;
Асылбекова М.П. –	педагогика кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор;
Атемова К.Т. –	педагогика ғылымдарының докторы, профессор;
Сейітқазы П.Б. –	педагогика ғылымдарының докторы, профессор;
Шалғынбаева Қ.Қ. –	педагогика ғылымдарының докторы, профессор;
Албытова Н.П. –	педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
Сламбекова Т.С. –	педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
Шолпанкулова Г.К. –	педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
Жубакова С.С. –	педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
Жукенова Г.Б. –	педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
Махадиева А.К. –	философия докторы (PhD), доцент м.а.
Балтабаева Ж.Б. –	магистр, аға оқытушы

ЧЛЕНЫ ОРГКОМИТЕТА:

Сомжүрек Б.Ж. –	председатель научного семинара, декан факультета социальных наук;
Асылбекова М.П. –	заведующая кафедрой педагогики, к.п.н., профессор;
Атемова К.Т. –	доктор педагогических наук, профессор;
Сейітқазы П.Б. –	доктор педагогических наук, профессор;
Шалғынбаева Қ.Қ. –	доктор педагогических наук, профессор;
Албытова Н.П. –	кандидат педагогических наук, профессор;
Сламбекова Т.С. –	кандидат педагогических наук, профессор;
Шолпанкулова Г.К. –	кандидат педагогических наук, профессор;
Жубакова С.С. –	кандидат педагогических наук, доцент;
Жукенова Г.Б. –	кандидат педагогических наук, доцент;
Махадиева А.К. –	доктор философии (PhD), и.о. доцента.
Балтабаева Ж.Б. –	магистр, ст. преподаватель.

ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ БУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

Атемова Қалипа Тұрсынқызы

Kalipa_atemova@mail.ru

п.ғ.д., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры,
Астана, Қазақстан.

Мырзапеисова Меруерт

Mirza_17.08.83@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 2-курс докторанты,
Астана, Қазақстан.

Аннотация. В статье рассматривается буллинг среди подростков и меры по его предотвращению. Цель статьи – поделиться с общественностью опытом выявления явления буллинга среди детей-подростков в школах и мерах по его предотвращению. Представлены методы и меры исследований известных зарубежных, российских и отечественных ученых и описана их эффективность. Объясняются цель и результаты каждого шага, отмечается их эффективность на практике.

В конце статьи дается рекомендации. Научная статья ВР 185744152 «Разработка мер превенции буллинга среди детей и подростков и изучение их актуальных аспектов» выполнена в рамках грантового проекта целевого программного финансирования Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан.

Annotation. The article discusses bullying among teenagers and measures to prevent it. The purpose of the article is to share with the public the experience of identifying the phenomenon of bullying among adolescent children in schools and measures to prevent it. Research methods and measures of famous foreign, Russian and domestic scientists are presented and their effectiveness is described. The purpose and results of each step are explained, and their effectiveness in practice is noted.

At the end of the article recommendations are given. Scientific article BR 185744152 “Development of measures to prevent bullying among children and adolescents and study of their current aspects” was carried out within the framework of a grant project for targeted program financing of the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan.

Ключевые слова: Буллинг, подростки, социальная среда, профилактика, меры.

Key words: Bullying, teenagers, social environment, prevention, measures.


Қоғам ілгері жылжып, технологиялар қарқынды дамыған сайын адамзат қарым-қатынасындағы қатыгездік пен аяусыздық құбылыстар кең етек алып келеді. Соның ішінде жастар арасында, тіпті балалар арасындағы буллинг өрши түсуде. Осы тұрғыдан келгенде болашақ ұрпақтарымызды қатыгездіктен арашалап қорғап қалу үшін сауаттылықтарын арттырып, әлеуметтік ортадағы зорлық-зомбылықтан қорғанудың жолдарын үйрену қажет- ақ. Бұл мәселенің өзекті бола түскені соншалық, Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің 2020 жылғы Қазақстан Халқына жолдаған Жолдауында азаматтардың құқықтарын қорғау үшін жаңа шаралар қажеттігін айтқан еді. Онда мемлекет басшысы кәмелетке толмаған балалар арасында қорлаудың, оның ішінде интернет-ресурстар (кибербуллинг) арқылы қорлау құбылысының таралу қаупінің артып отырғанын атап өткен болатын[1]. Сөйтіп, «Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғауға, солайша суицидтің алдын алуға, әрбір баланың құқықтарын қамтамасыз етуге арналған кешенді жоспар қажет»,- деп айта отырып, нұсқау берген болатын[2].

Содан бері елімізде көптеген жобалар мен арнайы ұйымдастырылып зерттеліп жатқан жұмыстар қолға алынды. Мектеп оқушылары арасындағы буллингтің алдын алуда оқушылармен, олардың ата-аналарымен, мектеп педагогтарымен және психологтар мен әлеуметтік педагогтарға қаратып жоспарланған шаралар қолға алынды. Жасөспірімдер арасындағы буллингтің алдын алу шараларын сабақтастықта баяндай отырып, олардың тімділігі мен нәтижелілігін қамтамасыз ететін жұмыстар легін ұсынғымыз келеді.

Буллингтің алдын алу шараларын ұйымдастыруда ең алдымен оның пайда болу себептері мен әсер еткен факторларын айқындап алу маңызды. Сондықтан, зерттеудің алғашқы қадамы жасөспірімдер арасындағы буллингтің күйін диагностикалаудан басталуы қажет. Ол үшін шетел ғалымдарынан Басса Даркидің диагностикалық сауалнамасы кеңінен қолданылып жүр. Оның сауалнамасы 75 сұрақты қамтып, баланың өз ортасында мінез-құлқының көріну себептерін анықтауға мүмкіндік береді. Онда балалардың өз құрбылары арасындағы әртүрлі көңіл күйіне байланысты қарым-қатынасы кезінде өзін қалай ұстайтынын және оның ішкі себептері мен сезімдерін анық білуге мүмкіндік береді. Баланың мінез типтеріне қарай буллинг құбылысы кезіндегі рөлдерін таңдауын да байқауға болады[3]. Оның сауалнамасы негізінде анықталған диагностикалық зерттеу нәтижесінде оқушылардың дені жасөспірімдік шақта ойланбай дөрекілікке баратынын айтқан. Оны өздері мойындай отырып, артынан өкінетінін мәлімдеген.

Диаграмма-1.


47. Кейін өкінетін нәрселерді жиі жасаймын. Я делаю много такого, о чем впоследствии жалею
114 ответов



Бұл, жасөспірімдердің мінез-құлқындағы дөрекілік пен агрессорлық тұрақты еместігін, уақытша оның басынан кешіріп отырған кезеңінің себептеріне байланысты екендігін көрсетеді. Сондықтан, балалар мінез-құлқының қалыпты жағдайға айналып кетпей тұрғанында олардың өзгеруіне жағдай жасап, булингтік әрекетке бейімделудің алдын алу маңызды.

Диаграмма-2.

48. Ашуланған кезде қол жұмсауым мүмкін. Если я разозлюсь, я могу ударить кого-нибудь
114 ответов



Сұралғандардың 30%-ға жуығы қол жұмсау мен агрессорлық әрекеттің ашу үстінде болатынын айтқан. Бұл құбылысты да асқындырмай алдын алу шараларын көру қажеттілік туғызады.

Сонымен қатар, баланың жеке қасиеттері мен тұлғалық сапаларын анықтаудың жеке аспектілерін анықтауға арналған көптеген әдістемелерді пайдалану да жасөспірімдер арасындағы буллингтің алдын алу шараларын ұйымдастырудың тиімділігін арттырады. Мысалы, «Буллинг-құрылымын анықтауға арналған», Е.Г.Норкинаның әдістемесі[4], «Кибербуллингті жеңу стратегияларының сауалнамасы» және т.б.

Диагностикалық зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша сауаттандыру жұмыстары мен жасөспірімдердің мінез-құлықтары мен көзқарастарына әсер ету мақсатында шаралар ұйымдастыру тиімді болмақ. Ол үшін ең алдымен видеороликтер көру арқылы ой тастау, ой қозғау мен психологиялық әсер ету әдістерін пайдалану маңызды болмақ. Видеоролик көріп болған соң өзара пікір алмасу, ортаға ойларын сала отырып көрген сюжет бойынша талқылау жасөспірімдер көзқарастарының өзгеруіне әсер ететіні анық. Әсіресе эмоционалдық сипаттағы видеороликтер балаларға бірмезгіл ойлануға, өз әрекеттері мен мінез-құлықтарына шолу жасап көз жүгіртуге мүмкіндік береді.

Әлеуметтік педагогтар тарапынан оқушылармен бірге кинотеатрларға бару, кейіннен көрген қойылымдар бойынша пікір алмасу жұмыстарын жүргізу бүгінде сиреп кеткендей. Кітап оқу, оқырмандар кеші мен авторлармен кездесулер ұйымдастыру да жасөспірімдер көзқарасының дұрыс қалыптасуына әсер етеді. Кейіпкерлердің болмысы мен мінез-құлқына, түпкі адами сапаларына бойлай отырып әңгіме жүргізу жасөспірімдердің тұлғалық қалыптасуында дұрыс портретті таңдауға негіз болар еді.

Келесі шара жасөспірімдердің буллингке қарсы тұру немесе буллингтің алдын алу, одан қорғану дағдыларын қалыптастыру мақсатына арналуы тиіс. Себебі, қаншалықты теориялық тұрғыдан ақпаратты жақсы білгенімізбен, іс жүзінде өзгелердің зорлығынан қорғану оңай болмайды. Әсіресе, өмірлік тәжірибесі аз жасөспірімдер арасындағы мұндай буллинг және киебрбуллингтің салдары олардың ересек шақтағы мінез-құлқында да өз ізін қалдыратыны анық. Бұл жөнінде зерттеушілер өз жарияланымдарында айтып, насихаттап жүр. Нақты айтар болсақ, Ресей ғалымы Е.В. Бушинаның зерттеулерін атап өткен абзал[5].

Осы мақсатты көптеген тренингтер мен рөлдік ойындарды ойнату да жасөспірімдер арасындағы буллингтің алдын алуда өз жемісін береді. Мысалы, жасөспірімдер арасында топтық жұмыс, командалық тапсырмаларды орындау, рөлдік ойындарды ойнау секілді жұмыстар оқушылардың буллингтен еркін көзқарастарын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мысалы, «Бір бірдейміз, әрі әртүрліміз», «Қазір, осы мезетте», «Мектептегі буллинг», «Танысайық», «Көңіл күйімнің түсі» және т.б. тренингтер жасөспірімдерді өзара жақындастырып, ынтымақты бірлескен жұмыс жасауға мүмкіндік туғызады. Топ арасында ойлары мен көзқарастарын ортаға сала отырып, өзара достасып әрекет етеді. Ойын білдіруге, көңіл күйін түсінуге, өзгелерді тыңдауға, құрметтеуге үйренеді.

Келесі шара, әртүрлі жағдаяттар туғызу арқылы рөлдік ойындармен жасөспірімдердің буллингтік жағдайларды түсінуге, сондай жағдайда тиісті шараларды қолдануға дағдыланады. Оқушылар өзара пікір алмасу арқылы жағдайдан шығу шараларын ұсынады[6, 7].

Мақаланың соңында мынадай ұсыныстар береміз:

- Жасөспірімдер арасында және олардың ата-аналары мен педагогтары арасында буллингтің алдын алу шараларына байланысты сауаттандыру, ақпараттандыру жұмыстарын жүйелі жүргізу қажет;

- Мектептің әлеуметтік педагогтары мен психологтары тарапынан жасөспірімдер арасында тренингтер мен мастер-класстар, кейстер өткізу арқылы буллингтің алдын алу дағдыларын дамыту;

- Видеороликтер мен кинофильмдер көру арқылы жасөспірімдер көзқарастарына оң ықпал ету;

- Диагностикалық зерттеулер мен сауалнамалар, бақылаулар жүргізіп отыру негізінде жасөспірімдер арасындағы еркін атмосфераның орнауын қамтамасыз ету;

- Жасөспірімдер арасындағы буллингтің алдын алуда мектеп пен ата-ана ынтымақтастығы мен бірлескен жұмыстарын ұйымдастыру қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қасым-Жомарт Тоқаев. Қазақстан Халқына Жолдауы «ЖАҢА ЖАҒДАЙДАҒЫ **ҚАЗАҚСТАН**: ІС-ҚИМЫЛ» -Астана, 1-қыркүйек, 2020 ж. <https://www.kegoc.kz/press-center/messages-from-the-president-of-the-rk/1492/>
2. Қасым-Жомарт Тоқаев. Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы: «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы». –Астана, 2022. 16-наурыз. <https://primeminister.kz/addresses/16032022>
3. Olweus D. Bullying at school: What we Know and what we can do. Malden, MA: Blackwell publishing, 1993. 152 p.
4. Глазман О.Л. Психологические особенности участников буллинга. 2009. № 105. С. 159-165.
5. Бушина Е.В. Методический инструментарий methodological TOOLS. Социальная психология и общество. 2021, Т.12. №2, С.197-216. DOI: <https://doi.org/10.17759/sps.2021120212>.
6. «Терминологический словарь по буллингу и кибербуллингу». ЕНУ им. Л. Н. Гумилева, авторский коллектив. - Астана: «Мастер ПО». 2023, -150 с.
7. «Балаларға қатысты буллинг пен кибербуллингтің алдын алу» оқушылармен жүргізілетін тренингтер бағдарламасы. /Құрастырушылар- Құнанбаева А.Ж., Сулейменова Ж.Т.-Астана, 2024. -19 б.